



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№
10.08.2023 № 3 ге

**Тұрақты комиссияның
2023 жылғы 10 тамыздағы
қаулысы**

**Жол кептелістері
(автомобиль кептелісі)
мәселесін шешу туралы
және Астана LRT жобасын
іске асыру перспективасы**

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) жол кептелісі мәселесі және Астана LRT жобасын іске асыру туралы ақпаратты тындап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Бүгінгі таңда елордада 681 бағдаршам нысаны жұмыс істейді, оның ішінде олардың 208 бірлігі реттелетін жаяу жүргіншілер өткелдерінде, 473 бірлігі - көліктік бағдаршам нысандары. 2022 жылы «Түйісу модулімен біріктірілген жол контроллерлерін қолдана отырып, 57 бағдаршам нысанын орнату» жобасын іске асыру басталды.

Көше-жол желісінің қозғалыс жүктемесін азайтуда бірыңғай платформа негізінде бағдаршам нысандарын басқарудың интеграцияланған жүйесін көздейтін ITS интеллектуалды көлік жүйесі басты рөл атқарады. Бейімделген басқаруы бар жүйе адамның араласуын барынша азайтады. Жол бойындағы датчиктерден алынған мәліметтер негізінде трафикті талдайды және бағдаршам нысандарын басқарудың ең тиімді алгоритмін шығарады.

Ағымдағы жылы көлік ағынын азайту мақсатында 30 жобаны іске асыру, оның ішінде «Тәуелсіздік» көпірінің құрылысын аяқтау және Тәуелсіздік даңғылының жалғасын Қабанбай батыр даңғылына дейін салуды бастау жоспарлануда. Бұл даңғыл Тұран, Мәңгілік Ел және Қабанбай батыр даңғылдарындағы көлік қозғалысы жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Жақын арада Газмашаппаратура ауданында (Кенесары көшесінің басы) екі көпір салу жоспарлануда, олар Тұран даңғылы мен Айтматов көшесіндегі көлік қозғалысын азайтуды қамтамасыз етеді.

Ағымдағы жылы инженерлік желілер сала отырып, «Астана қ. Сығанақ көшесінен № 27 көшеге дейінгі учаскеде Бейсекова көшесінің құрылысы» жобасы аясында Айтматов көшесімен Ұлы Дала даңғылына шығу жолын қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұл жоба «Ellington» көпфункционалды туристік кешенін инженерлік желілерге уақтылы қосуды және магистральдық кірме жолмен қамтамасыз етеді.

Астана LRT жобасы аясында жұмыс жүргізу жоспарына сәйкес қазіргі уақытта Мыңжылдық аллеясы мен жаңа вокзал ауданында жұмыстар жүргізілуде. Сығанақ көшесі ауданында дайындық жұмыстары жүргізіліп, қозғалыс кестесін өзгерту туралы келісім алынды. Ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап негізгі жұмыстардың шоғырлануын қаланың орталық көшелеріне ауыстыру, сондай-ақ Есіл өзені арқылы өтетін көпірдің қарқынды құрылысы жоспарлануда. Келесі 2 жыл ішінде 2025 жылы пайдалануға енгізу жоспарымен, аралық құрылыстарды, жолдардың, станциялар мен деполардың құрылыстарын аяқтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2023 жылдың басынан iКОМЕК109 қызметіне жол кептелісіне қатысты 34 өтініш, 2022 жылы 175 өтініш келіп түскен. Олардың көбі Есіл/Нұра аудандарынан түседі, оқиғалар Мәңгілік Ел және Тұран даңғылдарында тіркелген. Азаматтардан келіп түскен өтініштерге сәйкес жол кептелісінің жиі себептері бағдаршам нысанының режимі, жұмыс істемейтін бағдаршамдар немесе олардың мүлдем болмауы, автомобильдерге арналған тұрақ орындарының болмауы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жол кептелісі мәселесі және Астана LRT жобасын іске асыру туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ-не 10 қыркүйекке дейінгі мерзімде:

Астана LRT жобасының тиімділігі және оның жол кептелістерін азайтуға әсері бойынша болжамды деректерді ұсыну;

- тұрғындар бағдаршамның жұмысы бойынша шағымдана алу немесе олардың жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізе алу үшін бағдаршамдарға QR-кодтар беру бойынша;

- қарбалас уақытта bus-lane жолдарында ақылы қозғалыс жолақтарын енгізу бойынша;

- қаланың белгілі бір көшелерінде қарбалас уақытта реверсивті жолақтарды пайдалану бойынша

шетелдік тәжірибені зерделеу және оны елордада енгізу қажеттілігін қарастыру;

қала бойынша қоғамдық көлікпен жүріп-тұруды насихаттау жөнінде белсенді шаралар қабылдау;

тұрғындарды жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстары туралы, оның ішінде жүргізіліп жатқан жөндеу орнына дейін бірнеше квартал бұрын ақпараттық қалқандарды пайдалану арқылы хабардар ету;

Астана қаласының Полиция департаментімен бірлесіп, Астана LRT жобасын іске қосуды жоспарлау кезеңінде Қабанбай батыр даңғылы – Достық даңғылының қиылысында жол кептелістерінің пайда болу қаупін талдау және шешу;

жол ақысын төлеудің жаңа электрондық жүйесін енгізу кезінде жол ақысын төлеудің қолданыстағы тәсілдерін (QR-код, SMS-төлем) және қоғамдық көлік қозғалысын бақылау үшін қосымшалармен интеграциялауды сақтау;

билетсіз жол жүру деңгейін төмендету бойынша, оның ішінде жол жүру ақысын төлеудің жаңа электрондық жүйесін енгізе отырып, егжей-тегжейлі жоспар ұсыну;

құнын көрсете отырып, соңғы аялдама/бұрылу пункттерінің жобасын ұсыну;

№ 1 автобус паркінің бұрын сатып алынған автобустар үшін әкімдік алдындағы берешегін өтеу тетіктері туралы ақпарат беру;

1 қазанға дейінгі мерзімде бюджет қаражаты бөлінген 96 автобусты сатып алу барысы туралы ақпарат беру ұсынылсын.

3. Астана қаласының Полиция департаментіне:

«Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-мен бірлесіп, оның ішінде цифрлық технологияларды пайдалана отырып, көлік жүргізу кезінде смартфондарды пайдаланатын жүргізушілерді жауапкершілікке тарту жөніндегі жұмысты күшейту;

«Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-мен бірлесіп жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды анықтауды цифрландыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ-мен бірлесіп елорданың жол белгілерінің жай-күйіне тексеру жүргізіп, оларды ауыстыру бойынша шаралар қабылдау (белгілердің жарамдылығы, дұрыстығы);

«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ-мен бірлесіп оқу жылы басталар алдында жол кептелістерінің пайда болу қаупі бойынша шаралар қабылдай отырып, елорданың оқу орындарына кірме жолдар бойынша тексеру жүргізу ұсынылсын.


4. «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-не жаңа «Астана қаласында фотовидеофиксация және бейне талдау аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану» МЖӘ жобасында көлік жүргізу кезінде смартфондарды пайдалану және қауіпсіздік белбеуінсіз көлік жүргізу бойынша бұзушылықтарды тіркеуді көздеу ұсынылсын.

5. «Нұра» ауданының әкімдігіне Сығанақ көшесінде «Мечта» дүкені ауданында және Мұхамедханов көшесінде «Арман қала» ТК маңында аялдама павильондарын салуға бастама жасау ұсынылсын.

6. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты белгіленген мерзімдерде ұсынсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**

 В. Сергеев